

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 47 (958) 27 қазан 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## ӘДІЛЕТ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ ӨЗЕГІ

*Әділетті әлеуметтік саясат жүргізсек қана Мемлекет басшысы дiттеген меже – «Жаңа Қазақстанды» құра аламыз. Әділет – мемлекеттік саясаттың өзегі. Елде даму, халықта сенім болуы үшін қоғамның барлық саласы осы қастерлі қағидаға табан тірегені жөн. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын жүзеге асыра отыра, біз дамыған елдермен терезесі тең мемлекетті қалыптастырамыз.*

Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы әлеуметтік-экономикалық салада жаңа өзгерістер енгізу, ресурстар мен технологияларды пайдалану қажеттігін атап өтті. Елдің өңдеу өнеркәсібінің төмен көрсеткіштері туралы мәселе партиялық алаңдарда көтерілді, өйткені бұл сала экономиканы дамытудың маңызды факторы болып табылады. Осыған байланысты Президент экономиканы одан әрі әртараптандыру және отандық кәсіпорындардың өз шикізатына әділ бағамен қол жеткізуін қамтамасыз ету, шикізаттық емес секторларды дамыту жөніндегі міндеттерді нақты айқындады. Бұл елдің мұнай мен газға тәуелділігін төмендету жолындағы шешуші қадам болып табылады. Жолдауда шағын және орта бизнесті қолдау мәселесіне ерекше назар аударылды. Өйткені кәсіпкерлік дамыса экономикалық өсім артады, тұрақты жұмыс орындары болады «AMANAT» партиясының өңірлік сайлауалды бағдарламасын әзірлеу және қабылдау кезінде біз тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруда шағын және орта бизнес саласын дамытудың маңыздылығын ескердік. Бұл бағыттағы тиісті іс-шараларды белгіледік. Мәселен, 2027 жылға дейін біз кемінде 30 мың жұмыс орнын құруды, жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерін 36 мыңға дейін ұлғайтуды, орташа еңбекақыны 339 мың теңгеге дейін өсіруді және тағы басқаларды жоспарладық. Жолдауда Президент қозғаған тағы бір маңызды мәселе – азық-түлік қауіпсіздігі. Бұл – біздің мемлекетіміз үшін өзекті. Осыған байланысты агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды жандандыру қажет. Солтүстік Қазақстан облысының тұрғыны ретінде Қасым-Жомарт Кемелұлы өңіріміздің сүт өндірісін дамыту жөніндегі оң тәжірибесін үлгі етіп, оны ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа бағыттарына тарату үшін ұсынғанына қуаныштымын. Президент өңірлерде белсенді іске асырылып жатқан «Ауыл аманаты» партиялық бағдарламасы арқылы ауылды дамытудың маңыздылығын атап өтті. Табыс теңсіздігі мәселесін шешу, әлеуметтік әл-ауқатты арттыру және барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету бойынша белгіленген шаралар Әділетті қоғам құру үшін зор маңызға ие. Бүгінгі таңда біздің облыс бойынша жобаға қатысу үшін 300-ге жуық адам өтінім берді. Ауыл тұрғындарын қолдауда бұл бағдарлама тиімді екені айқын, сондықтан біз бұл жұмысты жалғастыруымыз керек. Біздің партиямыз «Қарыссыз қоғам» қаржылық сауаттылықты арттыру жобасын да сәтті жүзеге асырып жатыр. Президент көмекке мұқтаж азаматтарды барынша қамтуды тапсырды. Бұл маңызды жобаға қатысу үшін қаржылық болжаудың негіздерін түсіндіретін мықты қаржылық сарапшылар мен жаттықтырушыларды шақырдық. Жоба жүзеге асқан алғашқы айларда қарыздары бар ауыл тұрғындарынан оң пікірлер естідік. Сондықтан ауыл тұрғындарын көбірек қамтуды жоспарлап отырмыз. Жоба басталғаннан бері біздің өңір бойынша 3300-ден астам азамат оқудан өтті. Жалпы быыл 10 мыңға жуық солтүстікқазақстандықты қамтуды жоспарлап отырмыз. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны 85 мың теңгеге дейін көтеру, зиянды жағдайларда жұмыс істейтін адамдарға зейнеткерлік жасқа толғанға дейін көмек көрсету үшін арнайы әлеуметтік төлемдерді енгізу, сондай-ақ басқа да өзекті мәселелерді шешу туралы сөз қозғады. Президент экологиялық тұрақтылық мәселелеріне де ерекше назар аударды. Табиғи ресурстарды сақтау мәселесін шешу үшін партия «Жер аманаты» жобасын іске асыра отырып. Өткен жылы облыс бойынша 304 мың гектардан астам пайдаланылмаған немесе мақсатсыз пайдаланылған жерлерді мемлекеттік меншікке қайтарылды. Қабылданған шаралардың арқасында биыл кемінде 330 мың га мемлекет меншігіне өтті. Қоршаған ортаны қорғау партия мүшелерінің ұдайы назарында. Себебі табиғат – басты байлығымыз.

Қазақстанның экономикалық даму, әлеуметтік прогресс және қоршаған ортаны қорғау саласында өңірлік көшбасшы болуға әлеуеті бар. Мемлекет басшысы ел тағдырына алаңдаған әрбір азаматқа сенім білдірді. Ол еліміздің жетекші саяси күші ретінде «AMANAT» партиясына ерекше үміт артады. Мемлекет басшысының бастамаларына өз қолдауымды білдіргім келеді. Біздің партиялық қоғамдастық ынтымақтаса жұмыс істеуге және кез келген көмекті көрсетуге дайын.

Жеңіс АСАНОВ,  
«AMANAT» партиясы Солтүстік Қазақстан  
облыстық филиалының атқарушы хатшысы.

## МӘНГІЛІК ЖАСА, ҚЫРАН ЕЛІМ ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Аудан әкімі Б. А. Әлжанов Республика күніне арналған Мемлекеттік Ту көтеру салтанатты рәсіміне қатысты. Мерекелік іс – шара аудан әкімдігінің алдында өтті. Мемлекеттік Ту көтеріліп, еліміздің Әнұраны орындалды. Еліміздің барлық өңірлерінде өткен Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі Тайынша қаласында Ұлттық мереке – Республика күнін ресми түрде атап өту осы салтанатты шарадан басталды. Оған Тайынша қаласының түрлі ұлт өкілдері,

қалада орналасқан этномәдени бірлестіктердің белсенді мүшелері, Тайынша Агробизнес колледжінің студенттері мен қаладағы мемлекеттік мекемелер қатысты. Кейін аудандық мәдениет Үйінде Тайынша ауданының әкімі Берік Ақылжанұлы Әлжановтың қатысуымен мерекелік салтанатты жиын өтті. Аудан басшысы мерекелік іс-шараға жиналған тайыншалықтарды Ұлттық мерекемен құттықтап, мерекелік тілегін жолдады...

### Құрметті тайыншалықтар!



*Сіздерді еліміздің басты ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! 25 қазан - әрбір қазақстандық үшін маңызды және айтулы күн. Осы күні 1990 жылы Қазақстанды Тәуелсіз мемлекет ретінде танытқан, Қазақ КСР егемендігі туралы Декларация қабылданды.*

*Бүгінгі күні Қазақстан – халықаралық аренада танымал және әлемдік экономикалық жүйелер арасында лайықты орын алған мықты және белсенді дамып келе жатқан мемлекет. Қиын уақытта елімізде тұрақтылықты сақтап, оны нығайта отыра, бейбітшілік пен келісімге негізделген тәуелсіз мемлекет құруымыз ерекше мақтанш болып табылады. Біз қуатты экономикасы мен болашаққа үлкен жоспарлары бар мықты және гүлденген мемлекетте өмір сүріп жатқанымызды нық сеніммен айтуға болады.*

*Қымбатты жерлестер! Осы мереке күні Сіздерге зор денсаулық пен бақыт, барлық жоспарларыңызды жүзеге асыруда табыс және Қазақстан Республикасының игілігінде жемісті жұмыс тілеймін! Мереке құтты болсын!*



(Жалғасы 2-бетте)

# МӘҢГІЛІК ЖАСА, ҚЫРАН ЕЛІМ ҚАЗАҚСТАНЫМ!

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Мерекелік құттықтаудан кейін аудан әкімі ауданның әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жеткен жетістіктеріне де тоқталды. Сонымен қатар, бірқатар тайыншалық азаматтар Республика күніне байланысты тағайындалған мерекелік марапаттарға ие болды. Олардың қатарында: облыс әкімінің Құрмет грамотасымен «ТайыншаАгронвест»ЖШС-і директорының орынбасары М.А.Молдагаипов, аудандық білім бөлімінің басшысы Г.С.Игібаева және қаладағы № 2 орта мектебінің директордың тәрбие жөніндегі орынбасары З.Б.Кожевник болды. Облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталғандар қатарында: Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен Г.К.Келина, Білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы А.Б.Бейсенбаева және Леонидовка негізгі мектебінің тәрбиешісі М.В.Гузиенко болды. Аудан әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталғандар: еңбек ардагері А.М.Сатиев, Краснополя ауылдық округі әкімдігінің бас маманы В.А.Михайличенко, Чкалово және Келлеровка ауылдық округтерінің учаскелік инспекторлары : А.Б.Ақмұлдаев пен К.С.Мұкажанов, Вишневка орта мектебінің директоры А.В.Лисицкий және аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімінің бас маманы А.С.Лыскин. Аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталғандар: Краснополя ауылдық округінен ветеринар-фельдшер Ш.С.Канабаева, «Новый труд» ЖШС-нен егістік бригадасы бригадирінің көмекшісі Н.Л.Ольховский, Тайынша көпсалалы ауданаралық ауруханасынан дәрігер М.А.Букетова және Жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушы-ұстазы З.В.Карпова марапатталды. Келесі кезекте Тайынша қаласының әкімі В.А.Шпаковский келесі азаматтарға қала әкімінің Құрмет грамотасын табыс етті. Олар: Жеке кәсіпкер: Ж.М.Кенжегарин, М.А.Озиев – жеке кәсіпкер, А.Қ.Тулигунов – жеке кәсіпкер, Е.Д. Мұхамеджанов «Көкше Техстрой» ЖШС-нің басшысы, В.А.Стрельников «Көкшетау электр желісіне қарасты Тайынша аудандық электр станциясының бөлімінің басшысы және «Болашақ бөбек-бақшасы» қызметкері А.Е.Жармұқан. Салтанатты іс - шара мерекелік концертпен жалғасты. Облыс орталығынан арнайы келген «Қызылжар»халық әндері ансамблі, «Мәңгілік» би ансамблі, «Әлқисса»фольклорлық ансамблі және жекелеген әншілер: Бүркіт Жанай, Есения Епифанцева, «Мәдениет саласының үздігі» құрмет белгілерінің иегерлері: Алма Банных, Елена Уварованың орындауларындағы тамаша әндер көрермендерге ерекше мерекелік көңіл сыйлады. Мереке құрметіне байланысты сахна төріне жас жұбайлар да шақырылып, аудан әкімі сыйлық табыстады. Алғаш рет жеке куәлік алған жасөспірімдер де болды. Мерекелік концертпен қатар, жиналған жұртшылық мәдениет Үйінің бір бұрышын алған көрмені тамашалады. Көрмеге қолөнер шеберлерінің бұйымдары, түрлі ас мәзірі, ұлттық ою-өрнектермен көмкерілген суреттер, қуыршақтар болды.

Түйін: «...Тәуелсіздік жолында қан да төгілген, жас та төгілген, тер де төгілген. Бірақ, ар төгілмеуі керек. Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады. Ол біздің тілегімізді емес, біз оның тілегін тілеуіміз қажет», - деп Әбіш Кекілбаев ағамыз қалай тамаша айтып кеткен. Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Бағдарымыз – айқын, мақсатымыз – ортақ. Біз тәуелсіздік тұғырын биік ұстап, мемлекеттігімізді нығайта береміз. Өйткені Отанымыз – бір, мемлекетіміз – бір, халқымыз – бір. Бүгінгі мерекеде біз барлық жетістіктеріміз бен еңбегімізге мақтанышпен қарай аламыз. Еліміздің Ұлттық мерекесі құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

## РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құттықтаймын Атамекен аңсаған,  
Асқар шыңсың, қамқоршымсың, баспанам.  
Пейілің кең, терезең тең Ұлы елсің,  
Сыып отыр қаншама ұлт басқадан.  
Сәлем саған, түп қазығым Астанам,  
Саған қарап қуанамын, шаттанам.  
Ақ ордада желбіресе көк туым,  
Аспаныңда шарықтайды асқақ ән.  
Қазақ елім өркендесін, құлпырсын,  
Есіл өзен тасқындасын, бұлқынсын.  
Мақтанышпен өр алашты жырлайтын,  
Елім деген ақ жүректе жыр тұнсын.  
Істің басы болсын солай ілгері,  
Азат елдің жарқын болсын күндері.  
Шаңырағы берік болып елімнің,  
Әнұранда нық біріксін үндері.

Қожа ҚАЗАНҰЛЫ,  
«Тайынша таңы» газетінің меншікті тілшісі.





